Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд.,
ассоц. профессор
_____К.К. Елемесов
«20» 05 2019ж

ДОПУЩЕН К ЗАЩИТЕ
НАО «КазНИТУ им. К.И. Сатпаева»
Горно-металлургический
институт им. О.А. Байконурова

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Тау жыныстарын бұрғылау станоктарымен бұрғылау жобасын әзірлеу»

5В072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған Есенәлі Бауыржан Тілеуқабылұлы

Ғылыми жетекші лектор Абдыкалыкова Роза Сатмагамбетовна

Алматы 2019

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5В072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»

БЕКІТЕМІН
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл канд.,
ассоц. профессор
К.К. Елемесов
«08» 11 2018 ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Есенәлі Бауыржан Тілеуқабылұлы
Тақырыбы *Тау жыныстарын бұрғылау станоктарымен бұрғылау жобасын әзірлеу*
Университет басшысының *"08" қазан 2018 ж. № 1113-б* бұйрығымен бекітілгенАяқталған жобаны тапсыру мерзімі *«15» мамыр 2019ж.*
Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: *ПП-105-2,4(М48) Ауалық ұрғышы*
Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Техникалық бөлімі: "Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы" кен орнының геологиялық құрылымы, бұрғылау қондырғыларына сипаттама, бұрғылау қондырғыларына салыстырмалы талдау жүргізу..

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім:) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді; патенттік ізденістер жүргізілді.

в) Эксплуатациялқ бөлім: жобаланатын бұрғылау қондырғысының жөндеу жұмыстарын жүргізу, техникалық күтім көрсету.

г) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (5 парақ сызбалар көрсетілген)
1.НКР-100МА жалпы көрінісі; 2. Жинақ сызбасы; 3.Бөлшек сызбасы; 4. Патенттік талдау. 5. Бөлшек сызбасы.
Ұсынылатын негізгі әдебиет 11 *атау*

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 5
1 Техникалық бөлім 6
1.1 Кен орынның геологиялық құрылысы 6
1.2 Кен орындарын ашу 6
1.3 Бұрғылау қондырғыларына сипаттама 7
2 Есептік бөлім 10
2.1 Кешендердің пайдалану және техникалық өнімділігін есептеу 10
2.2 Қондырғының қозғалтқышының қуатын, сығылған ауаның шығынын есептеу 11
2.3 НКР-100МА бұрғылық станогының арқанының беріктігін тексеру 14
2.4 НКР-100МА бұрғылау қондырғысының соққы механизмдері 15
3 Эксплуатациялық бөлім
3.1Жөндеу шеберханаларын есептеу 19
3.2 Бұрғылау қондырғыларына техникалық күту 19
3.3 НКР-100МА бұрғылау қондырғыларын жөндеуді 20
ұйымдастыру 23
4 Арнайы бөлім
4.1 НКР100МА бұрғылық станогына жалпы сипаттама 26
4.2 НКР-100Бұрғылау қондырғысының кинематикалық сызбасы 26
және оның жұмыс жасау қағидасы 27
4.3 Ауалық ұрғыштарды жаңғырту
5 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік 29
5.1Ауадағы шаңдар және газдармен күрес жүргізу шаралары 33
және өрт қауіпсіздігі 33
5.2 Шу және дірілмен күресу іс-шаралары.
34
Қорытынды
Пайдаланылған әдебиеттер

АҢДАТПА

Бұл дипломдық жобада НКР-100МА бұрғылау станогының жобасы келтіріледі.

Технологиялық бөлімде “Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы” жер асты кен орнының негізгі геологиялық сипаттамасы келтіріледі.

Аналитикалық бөлімде жалпы бұрғылау станоктары, оның түрлері және схемалары мысал ретінде сипатталады..

Есептік жобалау бөлімінде НКР-100МА бұрғылау станогының жалпы параметрлері есептеледі.

Эксплуатация бөлімінде НКР-100МА бұрғылау станогына жалпы күтім, жөндеуді ұйымдастыру жұмыстары жайында әзірленді.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімінде бұрғылау жұмысы кезінде адам өміріне қауіп төндіретін зиянды факторлар және олардың алдын-алу шаралары қарастырылады.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте приводится проект бурового станка НКР-100МА.

В технологической части приводится основная геологическая характеристика подземного месторождения "10 лет независимости Казахстана".

В аналитической части в качестве примера описываются общие буровые станки, их виды и схемы.

В расчетном разделе рассчитываются общие параметры бурового станка НКР-100МА.

В эксплуатационном разделе разработаны вопросы организации общего ухода и ремонта бурового станка НКР-100МА.

В разделе охраны окружающей среды предусмотренны мероприятия по предупреждению и ликвидации вредных факторов, угрожающих жизни людей при бурении.

ANNOTATION

In this thesis project is the draft of the drilling machine NKR-100 MA.

The technological part provides the main geological characteristics of the underground field "10 years of independence of Kazakhstan".

In the analytical part as an example describes the General drilling rigs, their types and schemes..

In the estimated design calculated overall parameters drilling machine NKR-100 MA.

In the operational Department, a record is made about the organization of General maintenance and repair of the NKR-100MA drilling machine.

The Department of environmental protection provides for measures to prevent and eliminate harmful fact

КІРІСПЕ

Дипломдық жобаны қорғау барысында көптеген техникалық мәліметтер, интернет-сайттар және Тау-кен металлургия саласына қатысты әдістемеліктер қолданылды. Менің дипломдық жобамның басты мақсаты- Тау-кен металлургия ісіндегі НКР-100МА станогы арқылы жасалатын әрекеттердің жұмысын жеңілдету, іске қабілеттілігі мен тиімділігін көбейту және іске қосудағы өнімділігін қамтамасыз ету болып саналады. Мысалы, қол перфораторына жұмыс жасағаннан гөрі, бұрғылау станоктарымен жұмыс жүргізу, бұрғылау жұмысын жеделдетеді. Бұлар 50 м тереңдікке дейінгі қазба өнімдерін бұрғылауға мүмкіндігі бар.

Бұрғылау қондырғылары барлық әлем бойынша кен өндіруде кең қолданыс тапты. Олар өнімділікті күрт арттырып, бұрғылаушының ауыр еңбегін жеңілдетеді. Бұрғылау қондырғыларында барлық көмекші операциялар (орынын ауыстыру, бұрғылаудың қалпын өзгерту, т.б) механикалық жолмен іске асырылады. Арнайы бағдарламамен басқарылатын, жекелеген үрдістерді автоматты түрде орындайтын бұрғылау қондырғылары да шығарыла бастады. Көмекші жұмыстарды механикаландыру мен автоматтандыру олардың жұмыс ұзақтығын күрт азайтып, машинаны уақыт бойынша пайдалану көрсеткішін едәуір жоғарылатады.

Тау-кен өндірісінде әр күн сайын миллиондаған текшеметр қазба жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұлардың біраз бөлігін аттыру жұмыстары арқылы іске асады. Бұл ретте бұрғылау ісі көптеген қаржылай шығынды талап ететіні белгілі. Шахтадағы бұл сала ісіне жұмсалатын қаржылай шығын, өндіріске толығымен кететін шығынның 20-30% алады. Сол себепті, бұрғылау ісін жасауға және қаржылай тиімді ету үшін мүмкіндігінше өніміділігі үлкен, шығыны аз станоктарды қолдануымыз қажет.

1 Технологиялық бөлім

1.1 “Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы” кен орнының геологиялық құрылымы

«Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы»кеніші, геологиялық құрылымын палеозойдының ультранегізгі және негізгі тау жыныстары құрайды. Қоршалған сусымалы мезазойды шөгінділерінің қуаты 25м-ге дейін жетеді. Тау жыныстарының бұл бөлігінде кенүсті жәнекенастымассивтері орналасқан. Кенасты массивінде серпентинит, гарцбургит және дунит тау жыныстары кездеседі. Кендік көкжиекте серпентинит пен дунит тау жыныстары дамыған, олардың түсі қою сұрдан қараға дейін болады, олардың қалыңдықтары ұсақ және жіңішке, берік және майысқақ тау жыныстары болып табылады. Кендік массивтің қуаты 950 метрге дейін жетеді. Кенүсті массивінде серпентинит пен периотит тау жыныстары кездеседі. Олардың макроскопиялық жүйесі массивті, кейбір жағдайда бендік болып келеді. Бұл тау жыныстарының түстері жасыл-сұр және қою жасыл-сұр болады. Негізгі бөлігінің қалыңдықтары майда-жұқа ұсақталған, созылмалы немесе дөңгелекті периксен-баститтер шамасымен 7 мм немесе сирек акцессорды хромшпениль шамасымен 0,5-4,5 мм, мұнымен қатар кентасымалдаушы өңірдің жақындауы себепті үлкейеді. Бірнеше сынғыш деңгейдегі тау жыныстарыкөптеп кездеседі, онда сынулар хризотилмен, серпофитпен, бруситпен, тальмен, хлоритпен орындалған.

Көлденең жазықтық ортада тау-кен орындарын жалдау ауданы 10,328 км^2 қамтиды. Тау-кен жұмысы 810 м тереңдікке шейін жобаланған.

1.2 Кен орындарын ашу

Көкжиектен м 570 метр тереңдіктегі тау-кен жұмыстары міндетті түрде тау-кен аумағында түзетулер жүргізіледі. Тау жыныстарының қазылу жағдайын, шекараларын,жер асты тау жыныстарының дамуын ескеріп , «Басқа мақсаттар үшін минералды ресурстардың және жер қойнауын пайдалануын дамыту және тау-кен геологиялық немесе тау-кен жалдау тәртібі туралы нұсқаулары»келісім шарты 17.03.2000 жылы бекітілген.

Кен орны жазық орында орналасқан және жылдық қуаттылығы 0,8-3,5млн тонна есебінде жоспарланып отыр . Тау жынысының құлау биіктігі 18° қамтиды. Қазіргі уақытташахта тереңдігі 230 м құрайды, мұнымен қатар тағыда - 40 м тереңдікте қазу жұмыстары жүріп жатыр. Кенорнында пайдалы қазбаларды жабық тәсілмен, жерасты қазба жұмыстары әдісімен алу арқылы жүзеге асады. Выдачная шахтасында 3 оқпан жүргізілген. Олардың жұмыс жасау барысы: 1 - оқпан көтерілім қондырғысының жұмысын жасайды, және онда скип орналасқан; 2 - оқпан желдетпе және сутөкпе жұмыстары үшін жасалған; 3 - оқпан қосымша шығатын жол ретінде жасалынған. Жерасты жұмысы кезінде оқпандар мүлдем қиындық тудыра қоймайды, мұнда бұған қоса бекітпелерді бекіту жұмысы көп жасалына

берілмейді. Кен орнында жер қыртысының беріктігі жоғары болуына байланысты, бекітпе жұмыстарын жасамай-ақ биіктігі 4 метрге шейінгі қазба байлықтарын қиындықсыз қаза алады. Ені 8м аумақты қамтиды, қазба жұмыстары кезінде бұрғылау машиналары және тасымалдау машиналары жұмыс жасайды. Кен орнында 3 гаризонт орналасқан, бұлардың арақашықтығы 70 м аумақты қамтиды.

Кен-геологиялық жағдайларының әр түрлі болуына және осыған байланысты кен орындарын дайындаудың және де қазып алынған қазындыларды өндіруінің сызбалары әр түрлі болуына жәнекөптеген жүргізу және өндіруші техникалар шығаруын талап етіледі. Осы орайда жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздігі меныңғайлылығы әлеуметтік мәселе болып саналады.

Бұрғылық станоктардың тау қазбаларын бұзу кезінде алатын орны ерекше. Себебі кендерді және жыныстарды бұрғылаусыз ешқандай жұмыс жасалынбайды. Бұрғылық қондырғысымен ұңғымалар мен шпурларды бұрғылау жұмыстарын жүргізгеннен кейін, бұрғылау жұмысы жүргізілген шпурлар мен ұңғымаларды атылғыш оқ дәрілермен аттыру жұмысына дайындайды. Шпурлар мен ұңғымаларға атылғыш оқ дәрілерді салғаннан кейін керекті контурлар бойынша аттыру жұмыстарын жүргізеді. Аттыру жұмыстары жүргізілгеннен кейін пайдалы жыныстарды әрі қарай тиеп-тасымалдау машиналарымен ұсату бункерлеріне жөнелтіледі.

Қазіргі уақыттакен өндірі өзімізде және шетел фирмаларында жасалып шыққан үлкен өнімді машиналармен жабдықталынып жатыр. Бұлардың қатарында қуатты бұрғылау машиналары, өздігінен жүретін тиеп- тасымалдау техникалары, т.б. кездеседі.

Бұл машиналарды пайдаланудың техника-экономикалық үнемділігі, және машинаны дұрыс қолданып, пайдалану күтіміне тікелей байланысты. Сол себепті қазіргі кен өндіру жұмыстарына кәсіпорындарға көптеген техникалармен қамтамасыз ету жағдайы үлкен талаптарға сәйкес келетін инженер мамандарды және білікті бакалаврларды талап етеді. Сондықтан қуатты, үлкен өнімді машиналарды, ұйымдастыру жағдайларын және өнеркәсіптегі басқару жұмыстарын жоғары меңгеруге міндетті.

Кен орындарының жұмыс кестесін жоспарлау тәртібінің кестесі төмендегідей:

- жылдық күндер саны (мейрам, демалыс күндерді есептемегенде) 351 күнді қамтиды;
- тәуліктегі жұмыс жасау аусым саны – 3;
- жұмысшылар үшін жұмыс ауысымның ұзақтығы -6-7 сағат.
- шахта жұмысының өнімділігі - 1,4 т/ сағ

1.3 Бұрғылау қондырғыларына сипаттама

Кен орындарын тазарту, дайындау жұмыстарын жасау кезінде диаметрі 40-105 мм, тереңдігі 35-300 м ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарын жүргізу

керек. Ұңғымаларды бұрғылайтын қондырғылар қажеттілігі төмендегідей бөлінеді:

- тазарту және дайындық жұмыстарының алдында ұңғыма бұрғылайтын станоктар;
- кез-келген техникалық тік өрлеме ұңғымалар және өрлеме ұңғымаларбұрғылайтын құлатпа-бұрғылау станоктары;
- сілемдерге су жіберетін ұңғымалардыбұрғылайтын станоктар;
- көмір алқаптарында, газдарды шығару үшінұңғымалардыбұрғылайтын станоктар;

Қазіргі таңдағы бұрғылау қондырғылары газ қауіпі бар орындарға, ұңғымаларды алыстан басқарып, бұрғылау жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар.

БП-100н қондырғысы жер астындағы кендік қазу орындарын, қосымша скважина орындарын бұрғылап тесу жұмыстарына арналған. Ғалым М.М.Протодьяконованың 5-20 шкаласы бойынша диаметірі 80, 120 қысылған ауаның жұмыс энергиясы есептеліп шығарылады.

Бұрғылау станогы жерасты бұрғылау жұмыстары кезінде шаң және қауіпсіз, газдың мөлшері аз ауа райы кезінде ғана қолданылады.[2]

Керекті пайдалану шарттары:

- станоктарға берілетін ауа механикалық қоспалардан, судан тазартылуы қажет. Қысым мөлшері 0,5 МПа –дан аз болмауы қажет;
- жер астындағы ұсақ жынысты кен орындарын желдету кезіндегі талаптар, бірдей қауіпсіздік ережелеріне сәйкес болуы қажет;
- жұмыс орындарын жарық ету, тазартылған су қалдықтарының қалмауы МЕСТ(мемлекеттік стандартың) 12.2.106-85 сәйкес болуы қажет;

Таулы өндірістерде техникалық бағаналар гидравликалық көтергішпен қондырғыны қауіпсіз ажыратады. Қондырғыларды сенімді басқару скважиналарға 4м қашықтықта жұмыс жасауға қолайлы орында іске асырылады.

1.1 кесте – БП100Н бұрғылау қондырғысының техникалық сипаттамасы көрсетілген

№	Көрсеткіш атауы	Көрсеткіш мәні
1	Бұрғылау бағыты: град, кергіш бағана тік скважина осьіне паралель,	0..370
2	Көлденең скважинаның топрыққа дейінгі биіктігі, м (*ең азы*)	0,8
3	Кен орынының аумағы (ені,биіктігі), м: - Ең жоғарғысы - Ең төменгісі	 2,7х2,7 2,1х2,1
4	Техникалық пайдалану коэфиценті	0,7
5	Қондырғының салмағы, кг *(қосалқы бөлшектерді санамағанда)*	650
6	Ауа шығыны, $м^3$/мин	13
7	Су магистралінің жұмыс қысымы, кг/$см^2$	17

НКР-100МА- бұрғылау қондырғысы диаметрі 85-105 мм, тереңдігі 50 м скважиналарды бұрғылауға арналған. Бұл қондырғыны Кривой-Рог кен машиналарын жасау зауыты шығарады. Қондырғыға екі топса орнатудың нәтижесінде барлық бағытта скважиналар бұрғылау жұмыстарын жүргізуге ыңғайлы. Қондырғыда келесідей жағдайлар механикаландырылған: олар бұрғылық заттарды көтеріп-түсіру, штангаларды жалғап-қысқарту жұмыстарын жүргізу.

Қондырғының негізгі және жетілдірілген түрлері және сипаттамалары 1.2 кестеде келтірілген.

1.2 кесте – Станоктың техникалық сипаттамасы

Негізгі көрсеткіштері	НКР 100МА	НКР 100МПА	НКР 100МВА	НКР 100ВПА
Ұңғы диаметрі, мм	105	105	105	105
Ұңғы тереңдігі, м	50	50	80	80
Жұмыс қысымы, МПа: -ауаның -судың	0,5 1,0-1,3	0,5 1,0-1,2	0,5 1,0-1,2	0,5 1,0-1,2
Ауа шығыны, $м^3$/мин	10	17	11	18
Судың шығыны, $м^3$/мин	10-12	10-12	10-12	10-12
Ілгерілету тегеуріні, Н	600	600	600	600
Станоктың сыртқы өлшемі, мм	2600х872х1800	-	2600х872х1800	-
Станок массасы, кг	720	845	845	850

Келтірілген техникалық сипаттамаларға сай, станоктардың жағдайын салыстыра отырып,«ДНК» кен орнында қолданысқа енгізіліп отырылған БП-100Н және НКР-100МА бұрғылау қондырғыларының техникалық сипаттамаларына, параметрлеріне орай салыстырып, НКР100МА батырмалы ұрғыш қондырғысын қолайлы деп есептеп, таңдап алдым.Қондырғыларды келесідей қасиеттеріне орай қабылдаймыз.

Жерасты жұмыстарын жүргізу кезінде алып жүру қолайлы болуы үшін, жылдам бөлшектенетін, жаңа орында тез құралатын, кергіш ұстындар тез босамауы, керу тегеурінін төмен болмауы шарт.

Бұрғылау жұмысы барысында шу мөлшері 80-95 дБ-ден асып кетпеуін бақылап, бағыттағыштардағы втулкалардың желініп кетуі 1,7-2,0 мм-ден аспаған болуы қажет, сол себепті станоқтардың ішінде бұл шарттарды НКР100МА станогы сақтады .

Станоктардың құрамдық бөлімдерінің жоғары жөндеу жұмыстарын қамтамасыз ету шарттарын қанағаттандырғандықтан, бұл екі бұрғылық қондырғыны салыстырып НКР100МА батырмалы ұрғыш станогын таңдап алынды.

2 Есептік бөлім

2.1 Кешендердің пайдалану және техникалық өнімділігін есептеу

Айналмалы-соққы әрекет жасайтын бұрғылау машиналарының өнімділігі бұрғылаудың бастапқы механикалық жылдамдығымен , түсіру-көтеру операцияларына кететін уақыт шығындарымен , қашаудың тұрақтылығымен , желімдегі ұңғымалардың санымен , станоктың бір желіден екіншісіне жылжу уақытымен анықталады. Бұл ретте жұмысты ұйымдастыру соққы-айналмалы бұрғылау станоктарының өнімділігінің көлеміне елеулі әсер етеді. Жақсы ұйымдастыру кезінде станоктарды пайдалану коэффициенті 65-75 % жетеді. Станоктарды пайдалану коэффициентінің орташа мәні 50-60% құрайды.[1]. Ұңғымаларды батырмалы пневмооқозғалтқыштармен бұрғылаудың бастапқы механикалық жылдамдығы мына формуламен анықталады:

$$V_H = \frac{80An}{fd^2} = \frac{80 \cdot 93 \cdot 28}{105^2 \cdot 14} = \frac{0{,}081\text{мм}}{\text{с}}; \qquad (2.1)$$

мұндағы A –ұру энергиясы, Дж;
n – ұру жиілігі, $с^{-1}$;
d – диаметр долота, мм;
ƒ – тау жынысының қаттылық коэффициенті.

$$V = V_H - \beta L = 0{,}081 - 0{,}0007 \cdot 35 = 0{,}0565 \text{ м/мин}; \qquad (2.2)$$

мұндағы V_H – бұрғылау кезіндегі бастапқы жылдамдық, м/мин;
β – бұрғылау жылдамдығын төмендету коеффициенті 1/мин;
L – ұңғыма тереңдігі, м.
Бұрғылау кезіндегі орташа жылдамдық, L - тереңдігіне дейін:

$$Vср = V_H - \beta \frac{L}{2} = 0{,}081 - 0.0007 \cdot \frac{35}{2} = 0.0687 \frac{\text{м}}{\text{мин}}. \qquad (2.3)$$

Бұрғылау уақыты L тереңдігіне дейін:

$$T_B = \frac{L}{V_H - \beta \frac{L}{2}} = \frac{35}{0.081 - 0.007 \cdot \frac{35}{2}} = 509 \frac{\text{м}}{\text{мин}}. \qquad (2.4)$$

Бұрғылау кезінді L нүктесіне дейінгі орташа уақыт:

$$tср = \frac{T_б}{L} = \frac{1}{V_H - \beta \frac{L}{2}} = \frac{1}{0.081 - 0.0007 \cdot \frac{35}{2}} = 14{,}54 \text{ мин}. \qquad (2.5)$$

Станоктың техникалық өнімділігі:

$$Q= 60(V_H - \beta\frac{L}{2}) = 60\cdot(0.081- 0.0007\cdot\frac{35}{2}) = 4,12 \text{ м/сағ.} \quad (2.6)$$

Пайдалану өнімділігі-НКР100МА

$$P = \frac{T - T_{пз}}{\frac{1}{V_б} + \frac{T_в}{H}} \cdot K_в = \frac{7-1}{\frac{1}{60} + \frac{0,90}{49}} \cdot 0,9 = 111,1 м/саг, \quad (2.7)$$

мұндағы Т–ауысым ұзақтығы;

$T_{пз}$ – ауысым ішіндегі дайындық операцияларының ұзақтығы, сағ;

$V_б$ – бұрғылаудың механикалық жылдамдығы м, сағ;

$K_в$–қондырғыныңауысым байланысынапайдалану коэффициенті;

H –ұңғыманың тереңдігі, м;

$T_в$ – қосымша жұмыстар үшін кететін уақыт, мин.

$$T_в = T_{ср} + T_{сп} + T_к + T_{,,} = 30+1,25 +1,5+ 20 = 52,8 \text{мин}, \quad (2.8)$$

мұндағы $T_{ср}, T_{сп}, T_к, T_п$-штангаларды жалғастырудағы ажыратудағы,түсіріп және көтеруге долоталарды алмастыруға қондырғының орнын ауыстыруға кететін уақыттар:

$$T_{ср} = H \cdot t_m \frac{H + n - 2 \cdot l}{l \cdot n} = 49 \cdot 0,5 \frac{49 + 100 - 2 \cdot 1,2}{1,2 \cdot 98} = 30 мин,$$

мұндағы t_m–бір штанганы ажыратуға және жалғауға қажет уақыттың мәні;

n – долотаның жүзінің доғалдануға шейінгі төзімділігі,м;

l– бір штанганың ұзындығы, м.

$$T_К = \frac{H}{n} \cdot t_К = \frac{49}{98} \cdot 3 = 1,5 мин,$$

мұндағы $T_к$ - бір жердегі долотаны ауыстыру уақыты, мин;

Бұл жердегі шамалар, 2.7 формуладағыдан басқасы тәжірибелік берілген мәндерден таңдап алынады. Бұлар тау-кен техникалық жағдайларынан, қондырғының конструкциясы және типіне, тау жыныстарды бұрғылауына және т.б. байланысты алынады.

2.2 Қондырғының қозғалтқышының қуатын, сығылған ауаның шығынын есептеу

НКР100МА-ның қозғалтқышына керекті қуат келесідей есептелінеді

$$N_{п.д} = N_{gx} + N_{gm} = 17,99 + 6,6 = 24,59 кВт, \quad (2.8)$$

мұндағы N_{gx} – қозғалтқыштың қуаты, кВт;

N_{gm} – сұйықтық станциядағы қозғалтқыштың куаты, кВт

$$N_{gx} = \frac{K \cdot F_k \cdot V_k}{10^3 \cdot \eta_{TP} \cdot \eta_k} = \frac{1.3 \cdot 10960 \cdot 0.84}{1000 \cdot 0.87 \cdot 0.7} = 17{,}99 кВт,$$

мұндағы K – қор коэффициенті;

$V_к$ – бұрғылық қондырғының қозғалу жылдамдығы, м/с;

η_{TP}, η_k – трансмиссияның жэне шынжырдың ПӘК-і;

$F_к$ – ілгекті тарту тегеуріні, Н.

$$F_к \leq W_0 + W_a = 1787{,}5 + 8250 = 10960 Н,$$

мұндағы W_o – қозғалысқа кедергі, Н;

W_i – ылдидан кедергі, Н,

$$W_0 = mg \cdot W_c \cdot Cos\,\beta = 1100 \cdot 10 \bullet 0{,}25 \bullet 0{,}65 = 1787{,}5 Н,$$

мұндағы β – трассаның көтеріліс бұрышы, град (β = 7°),

$$W_t = m \cdot g \cdot Sin\,\beta = 1100 \bullet 10 \bullet 0{,}75 = 8250 Н,$$

$$W = m_{пр} \bullet a = 14300 \bullet 0.04 = 128 Н,$$

мұндағы $т_{пр}$ – қондырғының келтірілген массасы, кг;

а – қондырғының үдеуі, м/с (а = 0,03÷0,05);

W_o – бұрғылауға негізгі кедергінің коэффициенті,

$$m_{пр} = m(1 + j_ж) = 11000(1 + 0{,}3) = 14300 кг,$$

мұндағы $j_ж$ – айнымалы массаларкоэффициенті.

Сұйықтық станциядағы қозғалтқыштың қуаты

$$N_{g.m} = \frac{K \cdot Q \cdot P}{60 \cdot \varepsilon_i \cdot \eta_2} = \frac{1.16 \cdot 25 \cdot 0.72}{60 \cdot 0.86 \cdot 0.07} = 5.78 кВт, \qquad (2.9)$$

мұндағы Q – сұйықтық станция өнімділігі, м^3/мин;

P – сұйықтық жүйедегі қысым, мПа;

η_1 – сұйықтық станцияның ПӘКі;

η_2 – жетектің ПӘКі.

НКР-100МА–ң қажет сығылған ауа шығыны.

Ауысымдағы іс жүзіндегі шығын:

$$A_{аус} = N_M\ T \cdot K_в \cdot Q \cdot 60 = 4 \cdot 6 \cdot 0{,}8 \cdot 22 \cdot 60 = 25344\ м^3/аус, \quad (2.10)$$

мұндағы N_M – бұрғылық машиналар саны;

T – ауысым ұзақтығы, сағ;

$K_в$– ауысым бойынша машинаны пайдалану коэффициенті;

Q– 1 машинаға кететін ауа шығыны, м^3/сағ.

Сығылған ауаның жылдық шығыны:

$$Aaya = Zn \cdot 3 \cdot Aaус = 3 \cdot 303 \cdot 3934 = 3576006\ м^3/ж, \quad (2.11)$$

мұндағы Z – тәуліктегі ауысым саны;

n_3 – жылдық жұмыс күндерінің саны.

НКР 100МА станогының планетарлық механизмінің абсолюттік және салыстырмалы айналу жиілігін анықтау

$$i_{aH}^{c} = 1 + \frac{Z_c}{Z_a} = 1 + \frac{84}{31} \approx 3{,}709. \quad (2.12)$$

Водиланың абсолюттік айналу жиілігі

$$n_H = \frac{n_a}{i_{aH}^{c}} = \frac{429}{4{,}5} = 95\,\frac{айн}{мин}. \quad (2.13)$$

Сателиттің абсолюттік айналу жиілігі

$$n_b = \frac{n_a Z_a}{(Z_c - Z_a)} = \frac{429 \cdot 21}{(84-21)} = 143\,\frac{айн}{мин}. \quad (2.14)$$

Дөңгелектің салыстырмалы айналу жиілігі

$$n'_a = n_a - n_H = 429 - 95 = 334\,\frac{айн}{мин}. \quad (2.15)$$

Сателиттің салыстырмалы айналу жиілігі

$$n'_b = n_b - n_H = 143 + 95 = 238\,\frac{айн}{мин}. \quad (2.16)$$

Венецтің салыстырмалы айналу жиілігі

$$n'_c = n_c - n_H = 0 + 95 = 95\,\frac{айн}{мин}. \quad (2.17)$$

2.3 НКР-100МА бұрғылық станогының арқанының беріктігін тексеру

НКР-100МА бұрғылау қондырғыларында көптеп таралып қолданылып жүргені шектелінген жұдырықшалы болат арқандар, бұлар колонкаларды (айналдырғыш) және соққылай-арқанды бұрғылау жағдайында түсіріп-көтеру мен соғу операцияларында орындау үшін қолданылады.

Бұл арқанды таңдау кезінде мына жалпы қағиданы басшылыққа алу керек: арқан бұралмайтын, 1600-1800 МПа үзіліске уақытша кедергісімен, механикалық қасиеттері бойынша I маркалы ашық пен мырышталған сымдардан , арналуы бойынша жүкті болуы қажет.

Көп жағдайда арқандардың сенімділігі және ұзақ мерзімділігі барабан $D_б$ диаметрі және арқан $d_к$ диаметрі қатынасымен анықталады. Қазіргі нормалармен сәйкес $D_б \geq 18d_к$-қабылдау қажет. [6]

Геологиялық барлайтын бұрғылау қондырғылардың тальді жүйелердің арқандарын таңдауды оларды негізінен статикалық беріктігі есебінен іске асырады. Беріктік қорлары техника қауіпсіздігінің міндеттері бойынша мыналарды қамтуы қажет:

$$n = \frac{Q_{разр}}{Q_{max}} \geq 3, \qquad (2.18)$$

$$n = \frac{Q_{разр}}{P_{k\,max}} = 2{,}5, \qquad (2.19)$$

мұндағы $Q_{разр}$ – толық арқанның үзіліс күші (МЕСТ-пен таңдалынып алынды);

Q_{max}– арқанның ең үлкен жұмыстық күші (ең үлкен жүк көтеру қабілеті);

n – беріктік қоры;

$P_{k\,max}$– динамиканы ескеріп төменгі жылдамдықта лебедканың жұмысы жағдайында жетекті қозғалтқыштың ең үлкен қуатына сай арқандардағы ең үлкен болатын күші.

Арқандағы ең үлкен жұмыстық күшті былай анықтаймыз:

$$Q_{max} = R_c \cdot G_{CH} = 1{,}6 \cdot 25000 = 40000\,H, \qquad (2.20)$$

мұндағы G_{CH}– бұрғылық колоннасының ең үлкен салмағы, Н.

(2.18) теңдеуінен арқанның қажетті үзіліс күшін есептейміз және онымен арқанды таңдап алынады.

Динамиканы ескеріп

$$Q_{\text{разр}} = 3Q_{max} = 3 \cdot 40000 = 120000\ H, \qquad (2.21)$$

$$Q_{\text{разр}} = 2{,}5P_{k\ max} = 2{,}5 \cdot 109390 = 273480\text{Н}. \qquad (2.22)$$

МЕСТ 2688-80 бойынща үлкен күшке орай $Q_{\text{разр}} = 272500$ Н -үзіліс күшімен 22,5-Г-І-Л-Н-1700 арқанын таңдаймыз, олар талап етілетіннен (273480 Н) көп айырмашылығы болмайды.

Динамиканы ескермей

$$Q_{\text{разр}} = 3Q_{max} = 3 \cdot 4000 = 120000\ H, \qquad (2.23)$$

$$Q_{\text{разр}} = 2{,}5P_{\text{ст}} = 2{,}5 \cdot 36900 = 92250\ H. \qquad (2.24)$$

$Q_{\text{разр}} = 121300\ H$ – үзіліс күшімен 14,5-Г-І-Л-Н-1800 арқанын таңдап аламыз.

2.4 НКР-100МА бұрғылау қондырғысының соққы механизмдері

Соққы механизмінің элементтеріндегі жүктемелерді анықтау

Соққы механизмі элементтеріндегі әсер ететін жүктемелер бұрғылау процесінде пайда болатын және лебедка көмегімен ұстауды жою кезінде арқандардакүштерден тікелей байланысты жатады.

Кривошиптің бұрыштық жылдамдығы

$$w = \frac{\pi n_{max}}{30} = \frac{\pi \cdot 55}{30} = 5{,}75\,\frac{\text{рад}}{\text{с}}. \qquad (2.25)$$

Кривошиптің айналмалы жылдамдығы мен соңғы үдеуі

$$v_A = wr = 5{,}75 \cdot 0{,}36 = 2{,}01\,\frac{\text{м}}{\text{с}} = 201\,\frac{\text{см}}{\text{с}}, \qquad (2.26)$$

$$w_A = w^2 r = 5{,}75^2 \cdot 0{,}36 = 11{,}9\,\frac{\text{м}}{\text{с}^2}. \qquad (2.27)$$

Бұрғылық снарядты көтеру участкасында механизмдердің 0,1,2,3 және 4 кезеңдері үшін жылдамдық жоспарын есептейміз. Суретте тек қана механизмнің нөлдік қалыптары мен 0 және 2 қалпы үшін жылдамдық жоспарлары көрсетілген.

Буындардың бұрыштық жылдамдықтарын есептейміз

$$w_{BA} = \frac{v_{BA}}{BA} = \frac{\mu_v ab}{BA}, \quad (2.28)$$

$$w_{DO1} = w_{BO1} = \frac{v_{BO1}}{O_1B} = \frac{\mu_v \rho b}{O_1B}, \quad (2.29)$$

$$w_{DB} = \frac{v_{DB}}{DB} = \frac{\mu_v \rho d}{DB}. \quad (2.30)$$

Мында жоғарыда келтірілген формулалардың есептелінген мәндері 2.1-кестеде келтірілген

2.1 кесте – Механизм буындарының бұрыштық жылдамдықтары

Механизмнің қалпы	v_{BA}, см/с	w_{BA}, рад/с	v_{BO_1}, см/с	$w_{DO_1} = w_{BO_1}$, рад/с	v_{DB}, см/с	DB, см	w_{DB}, рад/с
0	212	2,20	0	0,00	0	40	0,00
1	106	1,10	187	1,06	42	42	1,00
2	20	0,21	204	1,16	50	44	1,14
3	152	1,58	114	0,65	28	46	0,61
4	212	2,20	0	0,00	0	47	0,00

Қалыпты құрылған үдеулердің шамасын есептеу

Бұрғылық снарядтың ілу нүктесіндегі арқанның күші

$$P_k = G_{CH} + Q_2 + Q_3, \quad (2.31)$$

мұндағы G_{CH} – бұрғылау снарядының салмағы;

Q_2– бұрғылау снарядының көтерудің кедергі күші.

$$Q_2 = R_c G_{CH}, (2.29)$$

мұндағы R_c – кедергі күшін ескеретін коэффициент ($R_c = 0{,}2 - 0{,}7$);

Q_3 – инерция күші,

$$Q_3 = \frac{G_{CH}}{g} w_{CH}, \quad (2.32)$$

мұндағы w_{CH}– қондырғының үдеуі.

Жоғарыда келтірілген формулалардың есептік мәндері 2.2-кестеде келтірілген

2.2 кесте –Механизм нүктелерінің қалыпты құраушы үдеулері

Механизм қалпы	w_{BA}^2	w_{BA}^n, см/с^2	$w_{BO_1}^2$	$w_{BO_1}^n$, см/с^2	w_{DB}^2	DB, см	w_{DB}^n, см/с^2	$w_{DO_1}^n$, см/с^2	$w_D^b = w_{CH}$, см/с^2
0	4,840	467,00	0,00	0	0,00	40	0,0	0	2090
1	1,210	117,00	1,12	197	1,04	42	43,7	231	920
2	0,044	4,25	1,34	236	1,30	44	57,2	276	-470
3	2,500	241,00	0,42	74	0,37	46	17,0	86,5	-1000
4	4,840	467,00	0,00	0	0,00	47	0,0	0	-960

мұндағы минус белгісі, сәйкес жағдайларда бұрғылау снарядтың үдеуі төменге бағытталғандығын көрсетеді, яғни снаряд баяу қозғалады.

Бұрғылау снарядты көтеру участкесінда механизмдердің 0,1,2,3 және 4 қалпылары үшін жылдамдық жоспарын тұрғызамыз. Кестеде текмеханизмнің нөлдік қалыптары 0 және 2 жағдайы үшін жылдамдық жоспарлары келтірілген.

Мәндері 2.2 кестеде көрсетілген.

Арқанның күшін есептейміз:

$$P_k = G_{CH}\left(1 + R_c + \frac{w_{CH}}{g}\right). \qquad (2.33)$$

Формуланың есептеу мәндері 3.3кестеде көрсетілген.

Келесі формулалар арқылы тарту ролигінің O_2 өсінде әсер ететін P_i күшін, $P_{\text{ш}i}$, R_i, T_i күшін, ал сол сияқты $M_{\text{кр}\,i}$ және N_i – анықтаймыз.

Шатун жанына әсер ететін күш

$$P_{\text{ш}i} = \frac{P_i h_i}{l_i}. \qquad (2.34)$$

Кривошипке берілетін айналу сәті (Н·м) және қуаты (кВт)

$$M_{\text{кр}i} = T_i r, \qquad (2.35)$$

$$N_i = \frac{M_{\text{кр}\,i} n_{max}}{9550}. \qquad (2.36)$$

Жоғарыда көрсетілген формулалардың есептік нәтижелері 2.3 кестеде келтірілген.

2.3 кесте – Соққы механизмімен берілетін күштер, айналу сәттері мен қуаттары

Механизм қалпы	P_{ki}, Н	P_i, Н	h_i, м	l_i, м	$P_{\text{ш}i}$, Н	R_i, Н	T_i, Н	$M_{\text{кр}\,i}$, Н·м	N_i, кВт
0	34300	45700	1,62	1,70	43550	43550	0	0	0,0
1	22400	32000	1,58	1,76	28730	13000	25000	8750	52,1
2	8200	12300	1,51	1,68	11060	4000	10290	3590	21,4
3	2800	5500	1,31	1,68	4290	3800	2500	875	5,2
4	3200	6500	1,25	1,75	4640	4500	0	0	0,0

3 Эксплуатациялық бөлім

3.1 Жөндеу шеберханаларын есептеу

3.1.1 Шеберхананың жұмыс кестесі және уақыт қоры

$$\Phi = (d_k - d_g - d_м) \cdot t \cdot \alpha_1, \text{ сағ.,} \quad (3.1)$$

мұндағы d_k, d_d, $d_м$, $d_о$– күн тізбекке байланысты жылдық күндер, демалыс, мейрам және жылдық демалыс күндерінің саны;

t=6сағ – ауысым ұзақтығы;

$\alpha_1 = 0{,}97$ – қысқартылған жұмыс күндерін және мәжбүрлі жоғалтылған жұмыс уақытын ескеретін коэффициент.

$$\Phi = (365 - 52 - 8) \cdot 7 \cdot 0{,}97 = 1690 \text{ сағ.}$$

Жабдықтар үшін қажет іс жүзіндегі уақыт қоры келесідей анықталады,

$$\Phi_д = (d_k - d_g - d_м) \cdot t \cdot \beta \cdot \alpha \ , \quad (3.2)$$

мұндағы $\beta = 3$ – жұмыстық ауысым саны;

$\alpha_2 = 0{,}98$ – қысқартылған жұмыс күндерін ескеретін коэффициент.

$$\Phi_д = (365 - 52 - 8) \cdot 6 \cdot 0{,}98 \cdot 3 = 5380 \text{ сағ.}$$

Шеберханадағы көмекші жұмыстар мөлшерін негізінен 40% дейін қабылдайды: яғни 11 адам АТР-13% - 3 адам; СКР-14% - 4 адам; МОП-13%-4 адам. Жобада жер асты жөндеу алаңдарын (шеберханалар, жөндеу алаңдары, жылжымалы жөндеу алаңдары) басқада мақсатта пайдалану қарастырылған (машиналарды құрастыру, өтпелі және күрделі теңдеулер).

3.1 кесте –Шеберханадағы өндірістік жұмысшылардың штаттық кестесі

Бөлімдердің аталуы	Разряд	Саны
Механикалық бөлімінде		11
Токарь	5	6
Шлифтегіш	5	2
Жонушы	4	1
Слесарлық бөлімінде		8
Жөндеуші слесарь	5	8
Электр жабдықтарын жөндеу бөлімінде	5	3
Пісіру бөлімінде	5	3
Ұсталық бөлімінде	4	1
Құрау бөлімінде	4	1

3.2 Бұрғылау қондырғыларын техникалық күту

Техникалық күтімі (ЕО) күтімінің әрекеттің орнықты жасалу мақсатында жұмсалды. Бұрғылық станоктардың ай аралық техникалық күту (ЕО) көлемі келесілерді қосады: қарау, майлау, сүрту және тазарту; сақтандырғыш құрылғылардың жұмысын, майлау, суыту, ауалық және гидро жүйелердің жүйесінің күйін тексеру; шектейтін құрылғылар дың түгелдігі мен дұрыстығын; бақылап-өлшейтін аспаптар мен автоматты құрылғылардың жұмысын, ремендер, арқандар, шынжырлардың тартылуы мен дұрыстығын, бекітілген бөлшектердің күйін бақылау; тоқтату үшін тежегіштер мен құрал-саймандардың әсерін тексеру. Бұл техникалық күтім (ЕО) әрекеті кезінде пайда болатын бұрыс әрекеттер және ақаулар жұмысшы-машинисттің ақауларды дұрыстауы арқылы, не болмаса, сол жұмыс орнының жумысшыларының жөндеу ісі арқылы іске қосылады, сонымен қатар, ауыспалы қабылдап тапсыру журналына енгізіліп отыруды жөн. НКР100МА құрылғысы ай аралық техникалық күту қондырғысы арқылы әрекеттің қабылдауындағы тізімі төменде көрсетілген.

Гидравликалық, электрлік қондырғыларды біріктіріп бүкіл құрылғылардың іс-әрекетіне тексеріс жасау. Қондырғының жарықшақтығы дірілдің әсерінен пайда бола алады. Редакторларды майлаудағы іс, тербеліс құрылғыларының қызу дәрежесін реттейді.

3.2 кесте –Бұрғылау қондырғыларының техникалық күтім мерзімі және еңбек сиымдылығы

Күтімнің түрлері	Мерзімі,сағ.			Күтудегі болу уақыты, сағ.		
	ГП-1	БП-100М	НКР-100М	ГП-1	БП-100М	НКР-100М
Айаралық техникалық күту (О)	6	6	6	0,5	0,5	0,6
Пайдалану және техникалық күтудің дұрыстығын тәулік аралық тексеру (П)	18	18	18	0,25	0,25	0,25
Техникалық қараулар (ТО)	470	470	470	8	8	6

НКР-100МА бұрғылау қондырғысымен жұмыс жасау теориялық білімі бар, және қондырғыда жұмыс жасайтын құжаты барадамдар жұмыс жасай алады. Әр өндірісте НКР-100МА бұрғылау қондырғысын қолданғанда жұмыс істеу барысындаеңбек қауіпсіздігі бойынша қазіргі техникалық жазбалар мен нұсқамаларға қосымшалар жасалынуы қажет.

Бұрғылау процесінде скважинаға суды беру арқылы шаңды азайтылуы қажет, осы уақытта жұмыс жасалынатын орында ауаның температурасының ылғалдылығы шектік мәні берілген нормадан аспауы қажет.

Бұрғылау жұмысы уақытында мыналарға жасауға тиым салынады:

- бұрғылау жұмысы жүргізілетін жердің төбесі және табаны арасында колонканың бекітілмей тұрып тасымалданатын орынға жұмыстық органын қозғалтуға:

- бұрғылау жұмысы кезінде қондырғыағжөндеу және майлау жұмыстарын жасауға;

- бұрғылау жұмыстары мен ұңғымаларды бұрғылап жатқан уақытта штанга және ауалық ұрғышқа жақындауға;

- істен шыққан автомайлағыш уақытында қондырғыда жұмыс жасауға;

- шум жүйесіне қарсы антинофпен каскасыз қондырғыда жұмыс жасауға.

Кеніште қондырғыны жинау келесі тәртіппен орындалады:

- салазкаларды жұмыс жағдайында , көлденең жазықтықта орнатамыз;

- салазкаларда колнкаларды хомутоктар арқылы бекітемізі. Колонка тік орнатылуы қажет, жіберілген ауытқу 1 градустан артық болмауы қажет;

- гидравликалық қолдықты бөлгіштен көтергішке бекітеді;

- телескопты талап еткен биіктікке көтереді және саусақ арқылы бекітеміз;

- қазба төбесі және ағаш төсеніш арасында көтергішті орналастырып, колонканы алшақтатуды жүргіземіз және көтергішке қол сорғының көмегімен майдың қысымын 70±10 жеткенге шейін айдайды;

- қажет етілген биіктікте тіреу сақинасын бекітіледі және олардың үстіне траверсті бекітеді;

- лебедканың көмегімен жұмыстық органын көтеріп және траверс плитасымен бекітіледі.(осы уақытта айналдырғыш соңғы төмен жағдайында орналасуы керек);

- траверс өсінен гайкаларды шешіп, айналатын веерді бұрғылық жоспарымен жұмыстық органды 360^0-қа бұру қажет;

- басқару пультін қолайлы жұмыс жағдайына бекіту;

- автомайлағышты магистралдық ауалық өткізгішке сонымен қатар басқару пультіне жалғасады;

Қондырғыда жұмыс жасау тәртібі. Жұмыс жасалынатын жерде штанганы, ауалық ұрғышты, долотаны, құрал-саймандарды қою кезінде керекті қозғалмалы сөрелер бар болуы қажет. Бұрғылау жұмысын жасамас бұрын, арнайы беріктігі жоғарытау-жыныстарды бұрғылау үшін диаметрі арқылы долоталардыды таңдауымыз керек.

Бұрғыланатын бағыт тапылғаннан соң, беріліс редукторының фланеціне арқан петлясын орналастырып, тарту керек, осыған байланысты траверс өсінің бекітілінуін босатқан уақытта жұмыстық органның қалаған бетте бұрылуын болдыртпайды. Жартылай веерді бұрғылау уақытында салазкаларды бұрғылауға кедергі келтірмеу мақсатында қозғалту керек.

